



**Хабарландыру
азаматтық қызметшілердің бос
лауазымдарына орналасуға арналған
конкурс туралы**

1. Конкурс өткізетін ұйымның атауы, оның орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген:

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің "Березка" бөбекжайы " КМҚК.

Шахан кенті квартал 11/17 құрылыс 25

тел.8(72156)33303, 8(72156)34041,

эл.мекен жай: shahtinsk_berezka@krg.gov.kz

1. Негізгі функционалдык міндеттері, еңбекақы мөлшері мен шарттары көрсетілген бос лауазымдардың атауы:

Тәрбиеші : 5 бос орын

Музыкальный руководитель: 2 бос орын

Преподаватель (учитель) робототехники: 1 бос орын

1. Функционалдык міндеттері:

2.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешісі:

- Тәрбиеші балаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелейді және оқытады, білім беру әдістемелеріне, ТЖКБ бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес дамыту және оқыту сабақтарын өткізеді.

- Денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді, топтағы әрбір баланың денсаулығының жай-күйі мен нығаюын бақылайды, ұйымның медперсоналымен бірлесіп, балалардың денсаулығын нығайтуға, психофизикалық дамуына ықпал ететін кешенді іс-шараларды ұдайы жүргізеді.

- Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеудің тиісті кәсіби құзыреттеріне ие.

-Пәндік-дамытушылық ортаны қалыптастырады, балалардың іс-әрекетін басқарады (ойын, танымдық, мотор, бейнелеу, Еңбек және т.б.). Сабақтарды өткізуге дайындалу.

- Өз тобындағы әрбір балаға құрметпен және қамқорлықпен қарау, балалармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынаста ұстамдылық пен педагогикалық әдептілік таныту, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу.

- Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгеру. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге кеңес беру.

Жалақы мөлшері:

Сілтеме, кезең	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
B3-1	158282	182044
B3-2	147550	172845
B3-3	146401	172460
B3-4	134905	160582

B4-1	151384	173230
B4-2	142850	168250
B4-3	140652	164415
B4-4	127240	142955

Біліктілік талаптарына сәйкес конкурса қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Педагог (санатсыз): тиісті бейін бойынша педагогикалық кәсіптік білімі немесе тиісті бейін бойынша педагогикалық қайта даярлауды немесе техникалық және кәсіптік білімді растайтын, жұмыс өтіліне қойылатын талаптарды көздемей-ақ өзге де құжаты бар

2.2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының музыкалық жетекшісі:

- Музыкалық және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді, балалармен жеке жұмыс жүргізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды.

- Музыкалық аспапта орындау техникасын меңгерген.

- - Өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін жетілдіреді, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттырады (растайды).

- Балалармен жұмыс тәжірибесіне педагогикалық тәжірибені енгізеді.

- Диагностикалық әдістемені қолдана отырып, әр баланың музыкалық дамуына деңгейлік баға береді.

- Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгеру.

Жалақы мөлшері:

Сілтеме, кезен	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
B3-1	158282	182044
B3-2	147550	172845
B3-3	146401	172460
B3-4	134905	160582
B4-1	151384	173230
B4-2	142850	168250
B4-3	140652	164415
B4-4	127240	142955

Біліктілік талаптарына сәйкес конкурса қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

- Педагог (санатсыз): тиісті бейін бойынша педагогикалық кәсіптік (музыкалық, педагогикалық) білімі немесе тиісті бейін бойынша педагогикалық қайта даярлауды немесе техникалық және кәсіптік(музыкалық, педагогикалық) білімін растайтын, жұмыс өтіліне қойылатын талаптарды көздемей-ақ өзге де құжаты бар

2.3. Робототехника оқытушысы

- Қосымша білім беру робототехника саласында тәрбиеленушілердің әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, тәрбиеленушілердің құрамын топтарға (кіші топтарға), үйірмелерге жинақтайды, оқу барысында олардың қауіпсіз өмір сүруін сақтау бойынша шаралар қабылдайды, білім беру оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтардың жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

- Белгіленген құжаттаманы жүргізу (мектепке дейінгі білім беру ұйымының бекітілген істер номенклатурасына сәйкес).

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтау, адамгершілік-рухани тұлғаның дамуына ықпал ету, оқушылардың робототехника саласында тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру.

- Тәрбиеленушілердің дербес қызметін, оның ішінде зерттеу қызметін ұйымдастыру, білім беру процесіне инновациялық технологияларды енгізеді, оқытудың практикамен байланысын жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз ету және талдау.

- Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, дағдыларды игеруді, шығармашылық қызмет тәжірибесін, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалау. Тұрақты кәсіби қызығушылықтар мен бейімділіктерді қалыптастыруға ықпал ету, дарынды және талантты тәрбиеленушілерді, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау.

- Ата-аналарға және оларды алмастыратын адамдарға, сондай-ақ педагог қызметкерлерге консультациялық көмек көрсету.

Жалақы мөлшері:

Сілтеме, кезең	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
B2-4	139674	159092
B4-4	113101	127068

Біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Педагог (санатсыз): біліктілігі жоғары деңгейдегі қосымша білім беру педагогіне қойылатын жалпы талаптарға, тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімге немесе өзге де кәсіптік білімге немесе тиісті бейін бойынша педагогикалық бейіндегі техникалық немесе кәсіптік білімге немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлауды растайтын өзге де құжатқа жауап беруге тиіс

Білуі керек:

- ҚР Конституциясы, ҚР Еңбек кодексі, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілері;

- Психология және педагогика, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар, санитариялық қағидалар;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттар.

1. Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейінгі келесі күннен бастап есептелетін құжаттарды қабылдау мерзімдері:

Құжаттарды қабылдаудың басталу күні: 24.02.2023ж.

Құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні: 06.03.2023ж.

1. Қажетті құжаттар тізімі:

1) Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған бағалау парағы (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген-Бар болса);
- 4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылған біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚРДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы Сертификат немесе педагог – модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік;
- 10) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 11) ұзақтығы 15 минуттан кем емес, ең төменгі ажыратымдылығы 720x480 кандидатке арналған бейне презентация;

1. Құжаттарды ұсыну орны, байланыс телефоны және конкурс өткізуді ұйымдастыруға жауапты тұлға:

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің "Березка" бөбекжайы " КМҚК.

Шахан кенті квартал 11/17 құрылыс 25

тел.8(72156)33303, 8(72156)34041,

эл.мекен жай: shahtinsk_berezka@krg.gov.kz

Құжаттарды қабылдауға жауапты: конкурс комиссиясының хатшысы
Асаинова Динара Амангельдықызы